| ЖОБАНЫҢ ЖАРҒЫСЫ | |
|---|---|
| **Жобаның атауы** | «ӘУЛИЕ-АТА ТАЗА ҚАЛА» |
| **Бастамашылар** | **Айдар Амиров-** Жамбыл облысы бойынша қазынашылық департаменті;<br>**Дамир Тунгатов** - Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы;<br>**Маулен Кожаков-** Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы;<br>**Канат Есимов-**Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті;<br>**Гулзахира Аманжолова** - Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік ішкі аудит департаменті;<br>**Қайрат Рахимбердиев** - Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік ішкі аудит департаменті;<br>**Мадияр Маткеримов-**Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті;<br>**Ержан Досмаилович** -Тараз қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы;<br>**Ғазиз Атибеков** - Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы. |
| **Жобаның іске асырылу мерзімі** | 2022-2023 жылдар |
| **Жобаның негіздемесі** | «Қазақстан-2050»стратегиясы<br>1) Қазақстанда экономиканың өсуі және жалғасып жатқан урбандалу қатты тұрмыстық қалдықтар көлемінің жыл сайын артуының себептері болып табылады.<br>Бүгінде бұл елдегі ең өткір экологиялық проблемалардың бірі. Бірақ Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі Тұжырымдамаға сәйкес, қалдықтарды қайта өңдеу 2030 жылға қарай 40%, ал 2050 жылға қарай 50% құрауы тиіс.<br>2) Тараз қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметімен қамтудың үлесі: тұрғындар - 60%, коммерциялық мекемелер - 30%, бюджеттік ұйымдар - 10%. Күл-қоқыс алаңшаларында ПЭТ қалдықтарын жинау үшін сеткалы контейнерлер орнатылған, қазіргі уақытта сеткалы контейнерлердің тозығы жеткен.<br>Қалалық тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға арналған полигон 30 га аумақты қамтиды. Бүгінде, полигонда4,2 млн. м3 жуық қоқыс жинақталған және |

| | |
|---|---|
| | қалдықтарды сұрыптау жұмыстары жүргізілмейді, тек қана макулатура жинақталып, шарт негізінде өнім берушілерге жолданады.<br>Күнделікті тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару көлемі - 760/800 м$^3$, жылына шамамен - 288 000 м3 қоқыс қалдықтарды шығарылады.<br>Қазіргі заманда пластикалық шынылар тұрмыста көп қолданылады, бұл қалдықтарарнайы қоқыс алаңшаларына жиналып, ары қарай полигонға тасымалданады.<br>Сондықтан, қоқыс алаңшаларына және полигонға жиналатын тұрмыстық қалдықтардың үлесін төмендету мақсатында және тұрмыста қолданылатын өнімдер алу үшін арнайы заманауи контейнерлерорнату қажет.<br>Контейнерлер арқылы жиналған қоқыстар сұрыпталып, отандықөнім берушілерге жолданады. |
| **Жобаның өнімі** | 1.Сұрыпталған қоқыс заттарын тиісті фабрикаларға өткізу;<br>2. Халықтың мәдениетін көтеру;<br>3. Қаланың экологиялык жағдайын көтеру; |
| **Жобаның SMART мақсаты** | Экологияны жақсарту.<br>2023 жылдың 22 наурызына дейін Тараз қаласында 100 млн. теңгені құрайтын 50 дана экологиялық таза, интеллектуалды, заманауи қоқыс жинау контейнерлерін орнату. |
| **Жобаның міндеті** | 1. Құжаттарын заңдастыру;<br>2. Құрылыс жұмыстарын жүргізу;<br>3. Қаражат көздерін табу;<br>4. Шет елден құрал-жабдытарды алу;<br>5. Жаңа жұмыс орындарын ашып, қала тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету;<br>7. Жобаны 2023 жылы іске қосу;<br>8. Контейнерлердің көлемін арттыру, экологияның таза ұстауын қамтамасыз ету. |
| **Жоба сәттілігінің критерийлері** | 1) Қоршаған ортаны ластайтын нормативтік шығын төмендету;<br>2) Полигонға шығарылатын тұрмыстық қалдықтардың жылдық мөлшерін 288 мың м$^3$-тен 200 мың м$^3$-ке дейін төмендету;<br>3) Отандық өнім берушілердің шикізатпен қамтамасыз ету;<br>4) Жаңа 30 жұмыс орындарын ашу, *оның ішінде: басшылық құрам - 2, есепші - 2, учаске басшылары - 3, арнайы көлік жүргізушісі - 3, қоқыс жинаушы қызметкерлер - 9, бақылау, күзет қызметкерлері - 5, интеллектуалды құрылғыларға техникалық* |

| | |
|---|---|
| | *қызмет көрсету персоналы* - 6. |
| **Стейкхолдерлер** | Жергілікті атқарушы орган, мердігер / инвесторлар, Экология департаменті, халық, «Казақтелеком» АҚ |
| **Жобаның шектеулері** | Мерзімі-15 ай.<br>Құны-100 млн. теңге.<br>Мазмұны- қаланың үлкен 50 объектісіне орнату. |
| **Жобаның тәуекелдері** | 1. Экономикалық инфляция<br>2. Контейнерлердің шетелден келуі және бағаларының тұрақсыздығы<br>3. Тапсырыс берушінің тарапынан қаражатты мерзімінде аудармауы<br>4. Интернет желісін үздіксіз қамтамасыз ету |